

"Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 наурыздағы N 211 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен жарияланған жай акциялардың санын ұлғайту жолымен "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын 6000000000 (алты миллиард) теңге сомасына ұлғайтуды қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі